

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 38 (949) 1 қыркүйек 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ

Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарлануда. Іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап pkgezerv.gov.kz сайтында қолжетімді болады. Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, қазақ тілін меңгерген (B1 деңгейінен төмен емес) Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

БИҮЛІ ІРІКТЕУ КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША

Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;
Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;
Сыртқы саясат және инвестициялар;
Экономикалық және қаржылық саясат;
Цифрландыру;
Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам;
Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:
- Құжаттарды қабылдау;
- Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;
- Ситуациялық тапсырмаларды шешу;
- Құзыреттерді бағалау (Assessment center және HR-сұхбат);
- Сарапшылық комиссияда әңгімелесу;
- Ұлттық комиссия отырысы.
Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады.

ТАҒАЙЫНДАУ



Тайынша ауданы әкімінің өкімімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы болып **Мұхаметғалиева Айгүл Ботайқызы** тағайындалды.

Мұхаметғалиева Айгүл Ботайқызы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының Уәлиханов ауылында 1978 жылы дүниеге келді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар, 1999 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша, 2023 жылы «EsilUniversity» мекемесінде экономика ғылымдарының магистрі (менеджмент) мамандығы бойынша аяқтады. Еңбек жолын 1999 жылдың қыркүйек айында Тайынша ауданы Заречное орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі ретінде бастады.

2000 жылдың қазан айынан Тайынша ауданының Тайынша қаласы №2 орта мектебінің физика пәні мұғалімі болып жұмыс істеді.

2005 жылдың қазан айынан – Тайынша Агробизнес колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалғанға дейін, Тайынша ауданының Тайынша қаласы №4 орта мектебінің директоры болып қызмет атқарды.

АТА ЗАҢ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

30 тамыз Тайынша аудандық мәдениет үйінде Ата заң күні аталып өтті. Салтанатты іс-шарада қала әкімі В. А. Шпаковский алғашқы болып сөз алып, жиналғандарды мерекемен құттықтады. - Конституция мемлекетті шын мәніндегі бақытты қоғамға бастауға қабілетті құндылықтарды өмірге әкелуге қуаты мен ықпалы жетерлік тарихи құжат. Мұнда мемлекеттік басқару мен бұқаралық биліктің үйлесімді түрде ұштасуы бар. Еліміздің Ата Заңы қоғамдық құндылықтың алтын арқауы және мемлекеттік биліктің бастауы. Ата Заң – бізді өткенмен де, болашақпен де байланыстырып тұрған алтын арқау іспеттес. Оның тұтас болмысынан мемлекетіміздің мерейі мен халқымыздың қалауы жарқын бейнеленген.

Еліміздің Ата Заңында мемлекетіміздің бүгінгі құрылымы шынайы ұлттық мақсатты айқындап берген темірқазық. Келе жатқан мереке құтты болсын, жерлестер! – деп өз құттықтауын жеткізді. Сонымен қатар, Ата заң күніне орай қала әкімі бірқатар тайыншалық азаматтарға құттықтау жолдап, ерекше марапаттар табыс етті. Жоғары марапаттарға ие болғандар қатарында облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған А.А.Урозбаев және облыс әкімінің Алғыс хатын алған Р.Р.Горн болды. Аудан әкімінің атынан марапатталған тайыншалықтар қатарында М.К.Каппасов, В.К.Назарько, А.П.Богданова және «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған Болат Махметұлы Макажанов болды. Салтанатты шара



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: САПАЛЫ БІЛІМ, АДАЛ ҰРПАҚ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ

Осындай ұранмен білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі кеңесі – тамыз конференциясы өтті. Солтүстік Қазақстан облысында педагог кадрлардың мәселелері талқыланды. Айта кету керек, 2021 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы 2 есе өсті. Ғылыми дәрежелер мен сабақтан тыс сабақтар үшін қосымша ақылар көтерілді. Санатқа байланысты олар қазір жалақының 30%-дан 50%-на дейін құрайды.

Алайда жүйелі сыбайлас жемқорлық мемлекет жүргізіп жатқан реформаларды жоққа шығаруда. Қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бойынша білім беру саласы көшбасшылардың үштігіне кіреді.

Ағымдағы жылы Агенттік білім министрлігімен бірлесіп сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді. Осы жағдайды пайдалана отырып, СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі өңірдің білім беру саласының барлық өкілдеріне нәтижелер мен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жеткізді. Өкінішке орай, Солтүстік Қазақстан облысында қосымша төлемдерді заңсыз есептеу және жұмыстарды нақты орындамаған кезде бюджет қаражатын ұрлау фактілері бар. Мысалы, Департамент ағылшын тілі мұғаліміне жалпы сомасы 3 млн. теңгеден астам қосымша ақыны негізсіз есептеуді анықтады (залал өтелді). Аудандық білім бөлімінің бухгалтерінің жалған адамдарға жалақыны аударуы және бөбекжай бақшаның есепшісінің өз банктік есепшотына аударуы арқылы бюджет қаражатын жымқыру фактілері анықталды. Алдын ала залал шамамен бірнеше млн. теңгені құрайды.

Департамент анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында 34 ұсыным әзірледі, оның ішінде 16 ұсыным орталық деңгейге енгізілді және 18 ұсыным жергілікті деңгейде орындалатын болады.

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.



соңы мерекелік концертке ұласты. Арнайы шақырылған облыстық филармонияның әнші-бишілері және ауданымыздың белгілі өнерпаздары жырдан шашу шашып, көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жас бүлдіршіндер де өз өнерлерін ортаға салды.

1995 жылы 30 тамызда бүкіл-халықтық референдум нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Ата Заңның қабылдануы егемен Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңінің бастауы болды. Конституцияда Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекеттік деп атап көрсетілген. Демократия деген сөз грек тілінде "халық билігі" деген мағына білдіреді. Мәдениет үйінде өткен мереке құрметіне арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. "Елдің күші – халық бірлігінде" тақырыбында кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ — ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Қазақстанның дербес ел, егемен мемлекет, еркін халық екенін білдіретін Ата Заңымыздың қабылданғанына быыл 28 жыл толады. Тарихтың таразысына салып қарасақ бұл уақыт аз да, көп те емес. Алайда осынау жылдар бедерінде елімізде көптеген игі істер атқарылды. Қазақстан адамның құқығы мен бостандығына кепілдік беретін зайырлы мемлекетке айналды. Негізгі құжатта Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялай отырып, мемлекеттің басты қазынасы деп азаматтарын, олардың өмірі мен құқықтарын және бостандығын бірінші орынға қойды. Конституция еліміздің құқықтық жүйесінің тірегі болып табылады және басқа заңдардың мәні мен мазмұнын анықтайды.

Өткен тарихқа көз жүгіртсек, біздің еліміздің заң жүзінде “Қазақстан” атанғанына бір ғасырдай уақыт болды. 1920 жылы 26 тамызда РКФСР құрамында Қазақ Автономды Социалистік Республикасы құрылды. Алайда Қазақстанның Автономиялы Конституциясы бекітілмеді. Кеңес үкіметінің заңы бойынша, Федерацияның орталық органы Конституцияны бекітуі керек еді. Сондықтан 1920 жылдан 1937 жылға дейін Қазақстанда Конституция болған жоқ. 1936 жылы КСРО-ның екінші Конституциясы қабылданды да, оның негізінде Қазақстан Автономиясы субъект дәрежесіне көтеріліп, одақтас Республикаға айналды. Ал одақтас Республиканың Конституциясыз болуы мүмкін еместі. Содан, Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Өз кезегінде бұл Конституция 1978 жылға дейін қолданыста болды. Өйткені сол жылы КСРО-ның үшінші Конституциясы қабылданды да, осы өзгеріске байланысты біздің еліміздің Ата Заңын қайта қарауға тура келді. Конституция жобасын әзірлеу үшін Қазақ КСР-і Жоғарғы кеңесінің Төралқасы жұмысшы тобын құрып, жаңа заңдар жинағы мақұлданып, 1993 жылға дейін өз күшінде болды. Бұл енді жаңа дәуір іспетті кезең еді. Өйткені Қазақстан өз алдына дербес мемлекет атанды. Жаңа жағдайға байланысты, ең бастысы уақыт талабына сай, тәуелсіз жас елдің жаңа Конституциясын қабылдау керек болды. Ол Конституцияның жобасын әзірлеу үшін Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Төралқасы жұмыс тобын құрды. Сонымен бір жылдан аз уақыттың ішінде Конституцияның жобасы жасалып бітті. Кейін, Жоғарғы Кеңестің қарауына түсті. Сессия қарап болысымен, 1993 жылдың 28 қаңтарында жаппай мақұлданып, заңдық күшіне ие болды. Бұл құжат тарихи маңызы жағынан Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі тұңғыш заңнамалық актісі еді. Бірақ ол Конституцияға да кезең-кезеңімен көптеген өзгерістер енгізіп отыруға тура келді. Мемлекеттік құрылыс, жүйе өзгеріске ұшырап жатқанда, мұнысыз еш болмайтын еді. Конституция қоғамда болып жатқан өзгерістерге жауап беруге тиіс. Сондықтан, сол жылдың желтоқсанында Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарқатты. Бір сөзбен айтқанда, заң шығаратын өкілеттілікті Президентке уақытша тапсырды. Сөйтіп, сол кездегі Мемлекет басшысы өз Жарлығымен қажетті заңдарды шығарып отырды. Әйтсе де, ол “заң” емес “заңдық күші бар Президент Жарлығы” деп аталды. 1995 жылы жетілдірілген Конституция жобасын әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды. Президент жарлығы бойынша, ол халықтың мақұлдауына ұсынылатын болды. Шыны керек, бұл өте ерекше жағдай еді. Бұл демократияның нағыз көрінісі, халықпен санасу болатын. Ізінше, халық дауыс берді. Бұл 1995 жылдың 30 тамызы болатын. Міне осындай түрлі соқпақтардан өткен Ата Заңымыз бүгінде еліміздің айбыны мен қорғанына айналған.

Ата Заңда көрсетілген әр бөлім мен баптың орындалуын қадағалау прокуратура органдарына жүктелген. Қазақстан Республикасының аумағында заңның сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын, сотта мемлекеттің мүддесін білдіретін және мемлекет атынан қылмыстық құдалауды жүзеге асыратын прокуратура органдары үшін Конституциялық нормалардың орындалуы маңызды. Прокуратура қойылған міндеттерге сәйкес азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау және заңның үстемдігі үшін барлық күш-жігерлерін сала отырып, оны дамыту мен жетілдіруді көздейді. Прокуратура органдарының Конституциямен бекітілген өзінің функцияларына байланысты құқық қорғау органдары жүйесінде ойып алар орны бар.

Прокурорлық қадағалаудың орны мен рөлі өзгеріп, жаңа мазмұнмен толығып, отырғанын айта кеткен жөн. Прокуратура органдарының

жұмысындағы басымдықтар Ата Заң нормаларына толық сәйкес келеді, ол жеке тұлғаны және мемлекет мүдделерін құқықтық қорғау прокуратура қызметінің негізгі міндеті болып табылады.

2022 жылы “Прокуратура туралы” Заң қабылданды. Оның негізгі мақсаты – прокуратураның құқық қорғау қызметін жүйелі түрде күшейту, қадағалау мен заңдылықты нығайту. Заңның ережелері прокуратура органдарының құзыретін, қызметін ұйымдастыру мен тәртібін айқындайды. Олар мыналар:

- прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізі және олардың құрылымы;
 - прокуратура органдарының қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары;
 - прокурорлардың өкілеттіктері;
 - жоғары қадағалаудың, мемлекет мүдделерін сотта ұсынудың, қылмыстық құдалаудың, өтініштерді қараудың шектері мен нысандары;
 - прокурорлар қызметінің құқықтық кепілдіктері.
- Заң жобасы аясында Бас прокуратура өз құзыретіндегі мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін шетелдік және халықаралық соттарда да білдіреді.

Прокурорлардың қадағалау функцияларын күшейту мақсатында прокурорлық қадағалаудың жаңа актісі – заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы түсіндіру енгізілді.

“Прокуратура туралы” Конституциялық Заңның республикалық референдумның қорытындылары бойынша, Ата Заңға енгізілген өзгерістерді іске асыру мақсатында әзірленгенін айта кеткен жөн. Яғни елдің құқық қорғау жүйесін жетілдірудің маңызды қадамы.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қылмыстық-процестік кодекске азаптау істері шеңберінде ерекше юрисдикцияны анықтау бойынша түзетулер күшіне енді. Өңірде азаптауларға қарсы іс-қимыл аясында барлық қылмыстық қадағалау органдарында үздіксіз бейнебақылау орнатылып, өткен жылдың желтоқсанынан бастап Петропавл қалалық полиция басқармасының қызметтік орындары мен уақытша ұстау изоляторының камералары кезекші прокурордың монитормына қосылды. Күдіктілерге қатысты заңсыз тергеу әдістерін қолдану фактілерін анықтау мақсатында прокурорлардың дереу жауап алу практикасы енгізілді. Қазіргі уақытта арнайы прокурорлар азаптау фактілері бойынша 4 қылмыстық істі тергеуде. Заңсыз шешімдерге прокурорлардың ықпал ету тиімділігі артты, заңсыз басталған 87 сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылды, 45 жеке тұлға және 1 бизнес субъектісінің қылмыстық құдалауға негізсіз тартылуына тыйым салынды. Қылмыстық құдалау органдарында заңсыз ұсталған 5 адам босатылды. Бизнесі қорғау саласында 2 қылмыстық іс бойынша кәсіпкерлердің мүлкіне шектеу салу фактісі және салық тексерулерін тағайындау туралы 4 шешім заңсыз деп танылды.

Прокуратура органдарының негізгі міндеттерінің бірі құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыспен күресті қамтамасыз ету бойынша қызметтерін үйлестіру болып табылады. Аталған функция Бас прокуратура және облыс прокуратуралары жанынан құрылған тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестері шеңберінде жүзеге асырылады. Жыл басынан бері өңірлік заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыспен күресті қамтамасыз ету бойынша үйлестіру кеңестерінің отырыстарында азаматтық қорғаныс, алименттік төлемдер, қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасы туралы проблемалық сұрақтар қаралып, оларды шешуге бағытталған кешенді шаралар қабылданды.

Прокурор жұмысы қажырлы еңбекті талап етеді. Адамдар прокурорға бар үмітін артып келеді. Сол үміт отын өшірмей, барынша көмектесу, қиын кезде демеу жасау – біздің ең басты міндетіміз.

Бір күнде жүздеген арыз-шағым түсіп жатады. Әсіресе қылмыстық сала бойынша мәсе–лелер тез шешуді талап етеді. Өйткені адамның құқығын шектеуге жол бермеу – аса маңызды. Осы жауапты міндеттерді орындау үшін прокурор табанды, белсенді, білімді, алдына нақты мақсат қоя білетін, салиқалы әрі әділ, елмен тіл табысып жұмыс істей алатын, сындарлы жағдайда тез шешім қабылдай алатын қызметкер болуы тиіс.

Қайрат ӘБДІХАНОВ,
Қазақстан облысының прокуроры,
3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдермен, соның ішінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде посткеңестік кезеңде атқарылған еңбек өтілін есепке алу, 1992 жылдың 13 наурызынан бері ТМД-ға мүше мемлекеттердің азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы келісіммен реттеледі. Аталған келісім Ресей Федерациясында 2023 жылдың 1 қаңтарында, Украинада 2023 жылдың 19 маусымында, Қазақстанда 2023 жылдың 22 маусымында жария етілді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін есепке алынады.

Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

- еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;
- әскери қызмет;
- арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдшерлік қызметтегі қызмет;
- мемлекеттік қызмет;
- кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызметтер;
- басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;
- мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балаға күтім жасаған уақыт;

жұмыс істемейтін аяның жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде даярлық курстарындағы, арнаулы орта оқу орындарындағы, училищелердегі, мектептердегі және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандандыру курстарындағы, аспирантурадағы, докторантурадағы, клиникалық ординатурадағы, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы оқу;

Қазақстан Республикасына тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың бұрын тұрған еліндегі еңбек қызметі есепке алынады.

Сонымен қатар, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін жеңілдікпен есептеуде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес жатқан аудандарда 1949 жылғы 29 тамыздан бастап, 1963 жылғы 5 шілде аралығында жұмыс істесе немесе әскери қызметте болса – үш есе мөлшерде, ал 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтар аралығында жұмыс істесе немесе әскери қызметте болса – бір жарым есе мөлшерде, алапеске және обаға қарсы мекемелерде, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі инфекциялық аурулар мекемелеріндегі жұмыс үшін – екі есе мөлшерде, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыстар тізбесі бойынша сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыс істегендерге – бір жарым есе мөлшерде есепке алынады.

Жасына байланысты зейнетақы мөлшері еңбек өтіліне ғана емес, сонымен қатар зейнетақы тағайындауға ұсынған орташа айлық табысқа да байланысты болады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық табысы негізге алынады. Орташа айлық табыс – 3 жылғы табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы айқындалады. Бұл ретте зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ұсынылған табыс республикалық бюджет туралы заңда көрсетілген тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 55 рет еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталады.

Егер зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қосымша құжаттар қажет екені анықталса немесе ұсынылған табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталмаса, департамент мамандары зейнетақы тағайындау үшін ұсынылған құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға кейін қайтарады. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің мамандары өтініш берушіге жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы хабарлама жібереді. Егер бұл талап отыз жұмыс күні ішінде орындалмаса, онда зейнетақы төлемі расталған барлық еңбек өтілдері мен табысын есепке ала отыра, алғашқы мерзімнен бастап тағайындалады. Ал егер талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні өткен соң ұсынылса, қағиданың 35 және 36-тармақтарына сәйкес қайта өтініш берген күннен бастап есептеледі.

Кенжегүл ХАМЗИНА,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы.

БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ БАЛАЛАРҒА!



Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өңіріміздегі 4 ауыл мектебіне заманауи автобус табысталды. Бұл балаларды мектепке және үйлеріне қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әсіресе мектептері жоқ шалғайдағы халқы аз ауылдарда тұратын балалар автобуспен қамтамасыз етіледі. Көліктерді салтанатты табыстау рәсіміне аудан әкімі Б.А.Әлжанов қатысты. - Елімізде білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттің қолдауының арқасында өңірде білім беру жүйесін дамытуға қомақты қаржы бағытталуда. Біз балалар қауіпсіздігін нығайтуға ерекше мән беріп отырмыз. Бүгін ауыл мектептеріне жаңа автобустың кілті табыс етті. Жаңа автобустар оқушылар үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз болады. Елді мекендердегі білім ордаларын көліктермен қамтамасыз ету ісі алдағы уақытта да жалғасын табатын болады, – деді аудан әкімі. Ашық сары түсті, 21 орындық автобустар жылдамдық шектегішпен,

қауіпсіздік белдіктерімен және салқындатқышпен жабдықталған. Тіпті ерекше балаларға арналған пандустар мен жүргізушіні шақыратын түймелеріне дейін бар. Яғни оқушылар үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз. Облыстық білім басқармасының мәліметі бойынша жалпы облыс бойынша 143 автобус ауыл мектептерінің оқушыларын тасымалдайды. 2 мыңнан астам (2621) бала үшін 297 елді мекеннен жеткізу ұйымдастырылатын болады. Күнделікті тасымалдауда – 1618, апта сайын 1003 оқушы қамтылады. “Бұл автобустар Қарағанды облысындағы Саран қаласында құрастырылған. Бұл жағымды жаңалық балалардың оқуға, мектепке баруға деген ынтасын арттырады сөзсіз.

Барлық талаптарға сай, ашық сары түсті заманауи 4 автобус техникалық байқаудан өтіп, ауыл мектептеріне жол тартты. Ақ жол болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

2023 жылғы қыркүйекте аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Алабота ГСК» ЖШС-нің басшысы	6 қыркүйек «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	4 қыркүйек «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
3	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	7 қыркүйек Келлер а/о әкімдігі
4	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	11 қыркүйек Теңдік а/о әкімдігі
5	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «ГСК-Тауыша Астық» ЖШС-нің директоры	12 қыркүйек Яснополян а/о әкімдігі
6	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	14 қыркүйек «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
7	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты	15 қыркүйек Чкалов а/о әкімдігі
8	Сарсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	18 қыркүйек Большеизюм а/о әкімдігі
9	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	20 қыркүйек Зеленогай а/о әкімдігі
10	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	22 қыркүйек Летовочный а/о әкімдігі
11	Бауыржан Иманбайұлы Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма Эксимнан» ЖШС-нің директоры	25 қыркүйек Алабота а/о әкімдігі
12	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	27 қыркүйек «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
13	Юрий Васильевич Красноголовый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	29 қыркүйек Краснополян а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін. Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫ: ТӨЛЕМ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 133-бабына сәйкес жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жұмыскерлерге еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеуге міндетті. Бұл ретте, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақтар еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу үшін негіз болып табылады.

Еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақылар жұмыскерлерге еңбекке қабілетсіздіктің бірінші күнінен бастап жұмысқа қабілеттілігі қалпына келген күнге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетінін атап өткен жөн. Сонымен қатар еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша жәрдемақы:

- 1) заңды күшіне енген сот үкімі бойынша кінәлі екендігі анықталған жағдайда, өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде алған өндірістік жарақаттарының салдарынан еңбекке уақытша қабілетсіздігі туындаған жұмыскерге;
- 2) соттың ұйғарымы бойынша жұмыскерді мәжбүрлеп емдеген (психикалық науқастардан басқа) уақыт үшін;
- 3) заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен жұмыскердің кінәлі екені анықталған жағдайда, ол қамауда болған және сот-медициналық сараптама жасалған уақыт үшін;
- 4) жұмыскер алкогольді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды тұтынуы салдарынан туындаған аурулардан немесе өндірістік жарақаттардан еңбекке уақытша жарамсыз болған кезде;
- 5) жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысымен сәйкес келетін еңбекке уақытша жарамсыз күндері үшін;
- 6) жалақысы сақталмайтын демалысқа тура келетін еңбекке уақытша жарамсыз күндері үшін;
- 7) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалысқа тура келетін еңбекке уақытша жарамсыз күндері үшін төленбейді. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 4-1-бабына сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген тұлғаларды және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлерін қоспағанда, жұмыскерлердің еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақының

мөлшері оның орташа күндік жалақысын еңбекке уақытша қабілетсіздік кезеңіне келетін жұмыс күндерінің санына көбейту арқылы айқындалады. Жұмыскердің орташа күндік жалақысының мөлшері осы Кодекстің 114-бабының 3-тармағына сәйкес есептелінген орташа жалақысы есебінен айқындалады, атап айтқанда, осы кодексте көзделген орташа жалақыны айқындаудың барлық жағдайлары үшін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган оны есептеудің бірыңғай тәртібін белгілейді. Егер еңбекке уақытша қабілетсіздік алдыңғы жылы басталып, үстіміздегі жылы аяқталса, онда еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшері және оның мөлшерін айлық шектеу алдыңғы және үстіміздегі жылдардағы айлық есептік көрсеткішті қолдана отырып айқындалады және алынған сомалар бөлек жинақталады. Жұмыста мертігуіне немесе ауруға шалдығуына байланысты жұмыскерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген тұлғаларға және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, сондай-ақ, шетелде болу кезеңінде шетелдік валютамен жәрдемақы алатын дипломатиялық қызмет мамандарына төленетін жәрдемақы мөлшерін қоспағанда, еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша бір айға төленетін әлеуметтік жәрдемақының мөлшері тиісті жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша оған теңестірілген тұлғаларға және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы мөлшері жалақының жүз пайызын құрайды.

Еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау және төлеу тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды. Жұмыс берушілер жұмыскерлерге осы баптың 4-1-тармағында белгіленген еңбекке уақытша қабілетсіздік бойынша әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне қосымша төлемдер белгілеуге құқылы.

Аида ӘБДІРАХИМОВА, облыстық еңбек инспекциясы басқармасы еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің бас маманы-мемлекеттік еңбек инспекторы.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ»

Тіл – қашанда ұлттың ұйтқысы. Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызы мен салмағы күн санап арта түсуде. Жас ұрпақтың тілі ана тілінде шығып, қазақ тілінде білім алуына, басқа да тілдерді жетік меңгеруіне толық мүмкіндік те бар. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркем тілдердің бірі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады, ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды, ал, оған деген сүйіспеншілік пен құрмет бала кезден басталуы керек. Айналадағы адамдарға, өзінің өскен ортасына, отанға деген ерекше сезім мен көзқарастың бастауын да сол туған тілімізден аламыз. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының даму құралы. Өз тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей. Ұлттық салт-сананы бала бойына сіңіру – ата мен әже, әке мен шешенін ұлттық мәдени, рухани болмысы мен ұстанымынан болады. Бұл ретте отбасы мүшелерінің, ең алдымен ата-ананың ауызекі сойлеу тілі мен мәнерінің әсері зор. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын сөздер мен сөйлемдер – дер әдеби тілдік қалыпқа сай, яғни, қалыға бірдей түсінікті, бөтен тіл-мен шұбарланбаған, былапыт сөзбен былғанбаған жұмсақ, көркем болуы тиіс. Әрине, олай сөйлеу түрлі себептерге байланысты кез келген отбасының әдетінде бар деп айта алмаймыз десек те, әр отбасы өзін мемлекеттің өзіне тән ерекшелігі, салт-дәстүрі, ізгі болмысы, тілі, ділі арқылы дамытып отыратын тамыры іспетті сезініп, ана тілінің қадірін кетірмеуді бір сәт те ойынан шығармауы тиіс. Ана тілі – бабалар аманаты. Қара- пайым тұрмыста ойымызды сауатты, толық сөйлемдермен жеткізіп, орайы келсе, мақал-мәтелмен көркемдеп сөйлеу, әліміз келгенінше соған тырысу – біздің өскелең ұрпақ алдындағы бірегей міндетіміз. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері қазақстан халқын, соның да қазақ халқының тұрмыс салтын мойнымызға әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Сондықтан, әрбір қазақстан азаматының бір-бірімен қазақ тілінде сөйлеп, ана тіліміздің мәртебесін өр-кендетуі керек. Бұл – азаматтың ел алдындағы борышы, міндеті! Өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап асырайық.

ҚАРЛЫҒАШ АЮПОВА, Тайынша аудандық сотының бас маманы.

Сайлау – 2023

Сайланған әкімдерді тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына, сайлау комиссиясының 2023 жылғы 28 тамыздағы шешіміне сәйкес 2023 жылғы 27 тамызда сайланған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аудандық маңызы бар қала және ауылдық округтерінің әкімдерін тіркеді:

Донецк ауылдық округі бойынша

Мұрат Мұхамбетқалиұлы Қахабаев, 1968 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округінің әкімі, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылында тұрады. Еңбек жолын 1988 жылы бастап, Салық комитетінің салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді. Кейін 1991-1995 ж.ж. Красноармейск аудандық қаржы бөлімінің кірістерді есепке алу жөніндегі маманы, 1995-1995 ж.ж. полиция органдарында, одан әрі 1999-2007 ж.ж. Тайынша ауданы бойынша Салық комитетінде қызмет еткен. 2008-2019 ж.ж. «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ АҚ филиалының басшысы, 2019 жылдан бастап Тайынша ауданы, Донецк ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды.

Краснополян ауылдық округі бойынша

Талғат Базарбайұлы Жомартов, 1967 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округінің әкімі, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласында тұрады.

Еңбек жолын 1984 жылы Колос совхозында №1 бөлімшесінің жұмысшысы болып бастап, кейін Кеңес Армиясы қатарында Отан алдындағы борышын өтейді. 1988-1991 ж.ж. түрлі жұмыс орындарында қызмет етіп, кейін Қарағанды университетінде жоғары білім алған. 1995-2013 ж.ж. Кантемиров ОМ мұғалімі, Ильичев орта мектебінің директоры, 2013-2017 ж.ж. Киров ауылдық округінің әкімі, 2018-2019 жылдары «Қазпошта» АҚ Тайынша аудандық филиалының директоры болды. 2020 жылдың қаңтарынан бастап Краснополян ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды.

Тайынша қаласы бойынша

Валерий Анатольевич Шпаковский, 1972 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімі, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласында тұрады. 1995 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтын физика және математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша, 2016 жылы

А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін экономика және бизнес бакалавры, жергілікті мемлекеттік басқару мамандығы бойынша бітірген. 1995-2003 ж.ж. математика пәнінің мұғалімі, Новогречановка ОМ директоры болып жұмыс істеді. Әртүрлі жылдары Яснополян ауылдық округінің әкімі, Тайынша қаласының №1 ОМ директоры, Новогречанов ОМ директоры болды. 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Тайынша қаласының әкімі болды.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы

САЙЛАУ – 2023 материалдары жергілікті бюджет есебінен төленді.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Қазіргі таңда елімізде жеке кәсіпкерлікті қорғауға және қолдауға аса маңызды рөл бөлінуде. Барлық әрекеттер мемлекет тарапынан шағын, орта және ірі бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Бизнесті сәтті дамытудың негізгі шарттарының бірі тұрақты құқықтық база жасау болып табылады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды. Оның негізгі бағыты – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен өзара қарым – қатынастар тәртібін реттеу.

Жоғарыда аталған Кодексте шағын бизнеске, мемлекет тарапынан оны қолдау тетігіне ерекше орын бөлінген. Аталған нормативтік актінің негізгі принциптері оны елімізде басым дамыту, мемлекеттік кешенді қолдау, инфрақұрылымды дамыту ретінде анықталған.

Сонымен бірге, Кодексте әр саладағы бақылау және қадағалаудың барынша түрлерінің тізбесі көрсетілген арнайы қосымшасы бар. Аталған қосымшаның маңыздылығын атап өту керек, ол мемлекеттік бақылаушы органдардың тарапынан бақылау – қадағалау функцияларын жүзеге асыруды және жеке кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз араласуды төмендетуді реттейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілердің мүдделерін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың арнайы тәртібі белгіленген.

Бірақ бақылау және қадағалау органдарының тарапынан жеке кәсіпкерлікті қорғау саласындағы қолданыстағы заңды толық және мүлтіксіз басшылыққа алу негізгі міндет болып қалауда.

Сонымен, 2022 жыл мен ағымдағы жылдың өткен кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік бақылаушы органдарымен тіркелмеген 20 тексеру анықталды.

Сонымен қатар, 28 жағдайда субъектілердің қызметін тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеуден өткізуге бас тартқан, осы жағдай мемлекеттік органдардың тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласудың алдын алуға мүмкіндік берді.

Бақылау және қадағалау органдарының тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеуден өтуге бас тарту құқығын жүзеге асыру кәсіпкерлік қызметті қорғаудың негізгі шараларының бірі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет мемлекеттік бақылаудан толық босатылды деп айту дұрыс емес. Бірақ та, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмеу тиіс.

ШОҚАН ҚҰЛДАНОВ, ҚР БП ҚСЖАЕК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастығы

Маманның кеңесі

ТАЛАП БАРШАҒА ОРТАҚ

Соңғы жылдары сұлулық салондары мен шаштараз, косметолог, спа-салон сияқты қызметтерге сұраныс артқан. Осыған орай біздің өңірімізде де бұл бизнес жақсы дамуда.

Шаштараз қызметі «Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандарға және парфюмерлік-косметикалық өнімдер мен ауыз қуысы гигиенасының құралдарын өндіруге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес жүргізілуі тиіс. Келушілердің денсаулығына нұқсан келтірмес үшін орын мен құрал-жабдықтарды таза ұстаудың маңызы зор.

Қазіргі таңда «Сұлулық құрбандықты талап етеді» деген қағиданы ұстанған, әсіресе, жас қыздар түрлі косметологиялық сән үлгілерін жасауға құмар. Олардың терісіне қандай да бір материал жақпай қалуы мүмкін. Мұндай келеңсіздіктер орын алса, шебер алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайын болғаны жөн. Сондықтан жұмыс үстелінде міндетті түрде медициналық қобдиша тұруы қажет. Қолданылу мерзімі асып кеткен материалдарды пайдалану денсаулыққа қауіп төндіреді.

Шашты, қас пен кірпікті бояу сияқты үрдістерді бастамас бұрын алдымен міндетті түрде-тұтынушы терісінің қолданылатын материалдарға сезімталдығын тексеріп алған жөн. Қолданатын құрал-жабдықтар ел аумағында пайдалануға рұқсат етілген антисептикалық заттармен дезинфекциялануы тиіс. Тырнақты, шашты әрлеуге арналған заттар әр тұтынушыдан кейін міндетті түрде тазартылып отыруы керек. Ал тарақ, қайшы, шеткалар зарарсыздандырылады. Қарапайым ұстараны бір реттен артық қолдануға тыйым салынады. Ал электр ұстарасының алмалы-салмалы қайшыларын араға 15 минут салып екі рет 70 пайыздық этил спиртпен сүрту керек. Тазарту қиын және инфекция жеңіл таралатын губка сияқты заттарды шебер тек бір рет қана қолданады. Косметикалық заттар кисточка, спонж секілді біртүрлі құралдармен жағылады. Тұтынушыларға қызмет көрсету барысында қолданылатын төсеніш үнемі санитарлық тазалаудан өтіп немесе бір рет қана қолданылуы тиіс. Шаш қию кезінде денеге тиюден қорғайтын синтетикалық матадан жасалған жамылғы қолданылады.

Техникалық реттеу және метрология комитеті СҚО бойынша департаменті.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨЛЕМІН НЕГІЗСІЗ АСЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бірінші жартыжылдықта медициналық қызмет сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысымен бөлісті. Кемшіліктердің басым бөлігі консультативтік-диагностикалық қызметтерді көрсету кезінде орын алған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілді көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық қызметтерді стратегиялық сатып алушы екені көпшілікке мәлім. Қор медициналық ұйыммен келісімшарт жасасқан кезде тапсырыс беруші әрі төлеуші болса, медициналық ұйым өз кезегінде осы медициналық қызметтерді ұсынады.

Қор сарапшылары келісім міндеттемелері шеңберінде ТМҚК және МӘМС аясында жұмыс істейтін медициналық ұйымдардың көрсеткен қызметтерінің сапасы мен көлемдеріне ұдайы мониторинг жасайды. Шара барысында медициналық көмек көрсету стандарттарынан, клиникалық хаттамалардан және басқа да нормативтерден кемшілік жіберілгені анықталса, медициналық ұйымдарға айыппұл санкциялары салынады.

2023 жылдың 6 айында жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 1,15 млн астам кемшілік анықталды. Айыпақы сомасын қоса алғанда, оларға жалпы 8,8 млрд теңгеге экономикалық ықпал ету шаралары қолданылды.

Анықталған кемшіліктер бойынша Ақтөбе облысы (9,5%), Шымкент қаласы (8,6%) және Қызылорда облысының медициналық ұйымдары көш бастап тұр.

Анықталған жағдайлардың 89%-ы (998,6 мың кемшілік) көрсетілген медициналық көмек пен қызметтер көлемін негізсіз асыруға байланысты болып отыр. Ал 8%-ы (89 мың) денсаулық сақтау және клиникалық хаттамалар аясында емдеу-диагностикалық іс-шаралардан, стандарттардан, ережелерден негізсіз ауытқығаны анықталды. Ал 7,8 мыңнан астамын (2%) көрсетілмеген медициналық көмекті көрсетілді деп жазған жалған ақпарат құрады.

Медициналық көмек түрлері ішінен жан басына шаққандағы кешенді нормативтен тыс консультативтік-диагностикалық қызметтер бойынша кемшіліктер басым (1,03 млн кемшілік немесе 92%). Стационарлық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек 4%-ды (47,3 мың кемшілік), ал ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмек бойынша 2%-ды (21 мың кемшілік) құрайды.

«Талдау нәтижелеріне сүйенсек, көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемін асырып көрсету бойынша көптеген бұзушылық орын алады. Кемшіліктердің басым бөлігі консультативтік-диагностикалық қызметтерде анықталады. Мемлекет басшысы өз сөзінде консультативтік-диагностикалық көмекті көрсету барысында жалған жазбаның көп орын алатынын тілге тиек еткен болатын. Салдарынан қаржы жетіспеушілігі мәселесі көтеріледі. Қор өз тарапынан медициналық ұйымдардың шарттық міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізеді және бұндай фактілердің жолын кеседі. Ашықтықты арттыру үшін денсаулық сақтауды цифрландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл медициналық көмектің сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», - деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Сәбит Ахметов.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары: fms.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Telegramдағы SaqtanduryBot және 1414 Бірыңғай байланыс орталығы бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізді келесі құралдар арқылы тексеруге болады:

- fms.kz ресми сайты
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Telegramдағы @SaqtanduryBot
- 1414 Бірыңғай байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ egov.kz электронды үкімет сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) журналдардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады. Индекс: 65710 Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген. Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс: 284. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99 Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.